



ТЕНКЕБАЕВА АРАЙ ЗАЙНОЛДИНОВНА
Сениор-лектор, магистр

Тенкебаева Арай Зайнолдиновна 1977 жылы туған, ұлты – қазақ, білімі жоғары, педагогика ғылымдары магистрі.

А.З. Тенкебаева 1994 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Құмаш Нұрғалиев атындағы Боран орта мектеп-гимназиясын бітірген.

1995 ж. Өскемен педагогикалық институтына психология-педагогикалық факультетінің «педагогика және бастауыш мекепте оқытудың әдстемесімен қосымша психология» мамандығы бойынша оқуға түсті.

2000 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «педагогика және бастауыш мекепте оқытудың әдістемесімен» қосымша «психология» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген, бастауыш сынып мұғалімі және мектеп психологі біліктілігі берілген.

2000 жылы Шығыс қазақстан мемлекеттік университетінің психология кафедрасына оқытушы қызметіне қабылданды.

2001 жылы Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогика Институтының аспирантурасының «Психология» мамандығында сырттай бөлімде оқыды. Диссертация бойынша алдын ала қорғаудан өтті, алайда Кеңестердің республика бойынша жабылып қалуына байланысты кандидаттық диссертацияны қорғап үлгермеді.

2002-2003 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті психология кафедрасының оқытушысы, 2003 жылдан осы кафедраның аға оқытушысы қызметінде болды.

2012 жылы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша магистратураға түсіп, 2014 жылы үздік дипломмен бітірді. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша академиялық магистр дәрежесі берілді, педагогикалық ғылымдар магистрі. Еуропаның Прага қаласында біліктілікті арттырып, «Ғылыми зерттеудің әдістері мен әдіснамасы» тақырыбы бойынша сертификатын иеленді. Сонымен қатар, германиялық, ресейлік және республикалық біліктіліу курстарынан өткен, сертификаттары бар.

2018 ж. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, «Дефектология» мамандығы бойынша білім алды, «Логопедия» мамандануы бойынша үздік дипломмен бітірді.

Қазіргі таңда «Коррекциялық педагогика және психология» кафедрасының сениор-лекторы. Жалпы жұмыс өтілі 23 жыл, оның ішінде

педагогикалық стажы 23 жыл. Әдістемелік семинарларға қатысып, мәселелерді талқылауға белсене қатысады. Студенттердің ғылыми-практикалық зерттеулеріне жетекшілік етеді, сонымен қатар студенттердің практика базаларында іс-тәжірибеден өтуінде жетекшілік етеді.

2000-2005 жылдарда А.З.Тенкебаева мемлекеттік тілде оқитын студенттерді «Психология» мамандығы бойынша, 2005 жылдан «Педагогика және психология» мамандығы бойынша мамандарды дайындауға, 2018 жылдан «Дефектология» мамандығы бойынша мамандарды дайындауға өз үлесін қосуда.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша республикалық экспериментке қатысқан.

А.З.Тенкебаева лекциялық, практикалық сабақтарды педагогикалық шеберлікпен жүргізеді.

А.З.Тенкебаева ғылыми-зерттеу, педагогикалық және өндірістік жұмыстарды жауапкершілікпен, жоғары сапалы деңгейде орындайды. Кәсіби біліктілігін ұдайы арттырып, жаңа білім беру технологияларын белсенді меңгереді.

А.З.Тенкебаеваның мақалалары республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарық көрген.

«З.Фрейд және неофрейдистер. Психоанализ» («Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша бірлескен аударма), Педагог-практиканттарға арналған психологиялық зерттеулер (әдістемелік нұсқаулар), Задания по психологии для педагогов-практикантов (методическое пособие) атты еңбектер студенттерді кәсіби даярлау процесінде тиімді қолданылып келеді.

А.З.Тенкебаева ғылыми зерттеушілік пен педагогикалық іс-әрекетті аса үйлесімділікпен атқаратын, өз ісін жетік білетін тәжірибелі, білімді маман. Студенттер мен әріптестерінің арасында беделді қызметкер.